

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ,
«ПРИГОРОД ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
АНЫҚТАМАСЫ**

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

14.06.2024ж.

Алматы ауданы, Пригородный тұрғын үй алабы,

Бейбітшілік көшесі, 4ғ.

Бағалау түрі: өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін негіз:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Ақтөбе қаласының Пригород орта мектебі» КММ-ң 2024ж күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімімен, 20.05.2024 ж. №151 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 20 мамыр-14 маусым аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, өзін-өзі бағалау жұмысы келесі құрамда бекітілген комиссиямен өткізілді:

1. Умирзакова Шолпан Кушербаевна-мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. Тулеуова Жумагул Замзина-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;
3. Кожағалиева Замира Сапарғалиевна- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, химия пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
4. Туркменбаева Алима Азизжановна- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
5. Өтепова Ақтоты Болатбекқызы- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
6. Дауылбаева Жанаргуль Серикбаевна- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, құқық негіздері пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
7. Кушанова Дина Ахмадеевна-директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
8. Парай Лидия Рунальдовна-әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
9. Амандыкова Гульжан Хаббасовна-информатика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;
10. Сисенғалиева Бимару Мендибаевна-мектеп психологі, комиссия мүшесі;
11. Ольто Мария Григорьевна- мектеп психологі, комиссия мүшесі;
12. Сарсенова Алтынай Еламанқызы-кітапхана ісі меңгерушісі, комиссия мүшесі;
13. Серікқалиева Айнұр Арманқызы-логопед-мұғалім, комиссия мүшесі;
14. Дербисова Айгерим Алмуратовна-бас есепші, комиссия мүшесі;
15. Саматқызы Айгерім-іс-қағаз жүргізуші, комиссия мүшесі;

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру қызметінің сапасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Пригород орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Пригородный тұрғын үй алабы, Бейбітшілік көшесі, 4ғ.

Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web сайт): Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): Байланыс телефоны: 8 (7132) 73 02 37

Мектептің электрондық поштасы:

prigorod_om@aktgoroo.kz

Мектептің web-сайты: <https://prigorod-sh.edu.kz/ru/>

Мектептің Facebook парақшасы:

https://www.facebook.com/PrigorodnayaSH/about_work_and_education

Мектептің Инстаграм парақшасы:

<https://www.instagram.com/prigorod.orta.mektebi/>

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Умирзакова Шолпан Кушербаевна, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 26 тамыздағы №220 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалды. Ұялы телефоны: 87055455949

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2017 жылғы 08 қарашада берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 30.04.1997 жыл, БСН-970440000679.

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мектеп жарғысы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Пригород орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы әкімдігі 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №448 қаулысымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті 13.01.2021 №111 болып тіркелді.

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 09.02.2015 жылы №KZ39XXX00006870 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 11.01.2018 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ92LAA00010670 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

1)2018 жылғы 11 қаңтардағы №KZ92LAA00010670 «Білім беру қызметі» лицензиясы, қосымшасымен. Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «Пригород орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ақтөбе облысы әкімдігінің білім бөлімі. Лицензия: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы №8нқ бұйрығы.

«Медициналық қызмет» лицензиясы №23000552 10.01.2023 жыл, қосымшасымен.

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мекемелеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарғалы қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Лицензия : Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы қосымша №036.

2. Кадрлық құрамға талдау.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Білімі, қайта даярлаудан өткен туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы
1	Мамбеткулова Кунжамал Утарбаевна	жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2014, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
2	Уразгулова Светлана Вильевна	жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика институты, 1993, мектепке дейінгі педагогика және психология

«Пригород орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мектептің мектепалды сыныбында 2021-2022 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы жұмыс жасаған. Екі сынып комплектіде 30 тәрбиеленуші болды, 2 тәрбиеші жұмыс жасады.

2022-2023 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы жұмыс жасаған. Екі сынып комплектіде 29 тәрбиеленуші болды, 2 тәрбиеші жұмыс жасады.

2023-2024 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы жұмыс жасаған. Екі сынып комплектіде 33 тәрбиеленуші болды, 2 тәрбиеші жұмыс жасады.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында 2 педагог жұмыс жасады. Екеуі де жоғары білімді, К.У.Мамбеткулова бірінші санатты, С.В.Уразгулова «Педагог-зерттеуші» санатындағы тәрбиеші.

Педагогтер диплом бойынша атқарып жүрген қызметіне сай келеді.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/ растау туралы мәліметтер

Заңнама бойынша педагог қызметкерлер кемінде 5 жылда бір рет біліктілігі мен білімін растайды және санатын арттырады.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы

№	Тегі, аты	Лауазымның атауы және берілген/расталған біліктілік санаты	Біліктілік санатын беру/растау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі
1	Мамбеткулова Кунжамал Утарбаевна	«Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі»	№895 28.05.2019ж
2	Уразгулова Светлана Вильевна	«Педагог-зерттеуші»	№212 13.08.2021ж

Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагогтар өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттіліктерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Педагогтардың курстар өтуі туралы мәлімет

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Курс туралы мәлімет		
			Өткен жылы	Өткен жері	Тақырыбы
1	Мамбеткулова Кунжамал Утарбаевна	МАД	2021ж	ПШО	«Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы»

			2023ж	«Өрлеу» БАҰО	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»
2	Уразгулова Светлана Вильевна	МАД	2023ж	«Өрлеу» БАҰО	«Развитие игровой компетентности педагога дошкольной организации»

Осылайша, 2 педагогтің диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді. Мектепалды сыныптарда жұмыс жасайтын педагогтар өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік курстарынан өтіп отырған.

Мектептегі мектепалды сыныптарына 5 жастағы балалар қабылданады.

Мектептегі мектепалды сыныптарына 5 жастағы балалар қабылданды. Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру-білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепалды сыныптарға тәрбиеленушілер жинақталған.

Ата-аналар (заңды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» негізінде жасалатын шартпен реттелген. Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттеліп отырған.

Мектепке дейінгі оқу бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған. 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында 2 ерекше білім беруді қажет ететін балалар оқытылады.

1. Николаева Анастасия Сергеевна- 0 «Б» тәрбиеленушісі. Диагноз: психологиялық дамудың кешігуі мен сөйлеудің бұзылуы ОНР II-III деңгей ПМПК №6942 24.08.2023ж
2. Сансызбай Тамерлан Артурұлы-0 «Б» тәрбиеленушісі. Диагноз: психологиялық дамудың кешігуі мен сөйлеудің бұзылуы ОНР I-II деңгей ПМПК №7101 25.09.2023ж. Логопед, дефектологтың арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауын көрсетеді, жеке дамытушы бағдарламасы бар.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022 оқу жылында 2 жиынтық сынып (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде), 2022-2023 оқу жылында 2 жиынтық сынып (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде), 2023-2024 оқу жылында 2 жиынтық сынып (1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде) жұмыс жасады.

Оқу жылы	Сынып жиынтық саны		Қазақ тілді сыныбындағы бала саны	Орыс тілді сыныбындағы бала саны
	қазақ	орыс		
2021-2022	1	1	18	12
2022-2023	1	1	14	15
2023-2024	1	1	20	13

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру-білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиеленушілер жинақталған. Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданды. Мектептің тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, тәрбиеленушілерді оқытумен қамту мәселелері-мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау мен олардың қозғалысына бұйрықтарды уақытылы шығару, барлық қажетті деректерді ұлттық білім беру деректер қоры мен электронды журналда енгізу жүргізіледі. Білім алушылардың құжаттары мен медициналық карталары уақытында жүргізілген.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Зерделеу барысында:

2021-2022 оқу жылында мектепалды сыныптардың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жасалып, бекітілген. Аталған оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары талапқа сай құрылған.

Мектепалды сыныптардың жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

Мектепалды сыныптардың жұмыстық оқу жоспарларында қазақ тілінде оқытатын топтарда «Денсаулық»- 3 сағат, «Қатынас»- 5 сағат, «Таным»- 2,5 сағат, «Шығармашылық»- 5сағат, «Әлеумет»-1,5 сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 17 сағат, вариативтік компонент курстары барлығы аптасына-3 сағат: «Қызықты математика» аптасына- 1 сағат, «Ана тілім-дара тілім» аптасына 1сағат, «Әдепті бала» аптасына – 1 сағат таңдалған. Ал орыс тілінде оқытатын топтарда «Денсаулық»- 3 сағат, «Қатынас»- 6 сағат, «Таным»- 2,5 сағат, «Шығармашылық»- 5сағат, «Әлеумет»-1,5 сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 18 сағат, вариативтік компонент курстары барлығы аптасына-2 сағат: «Страна Добра и справедливости» аптасына- 1 сағат, «Удивительный мир чисел» аптасына 1сағат таңдалған.

Апталық-20 сағат, жылдық-660 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-25-30 минут. Ұйымдастырылған оқу қызметі, күн тәртібі кестесі жасалып, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылындағы мектепалды сыныптардағы оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепалды сыныптардың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» сәйкес құрылған және бекітілген. Перспективалық жоспарларда әрбір ұйымдастырылған іс әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды сыныптардағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған.

Мектепалды даярлық сыныбының оқу жоспарларында:

«Физикалық қасиеттерді дамыту»:

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды.

Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәтүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Тәрбиеленушілердің шағырмашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі

қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптастырылды.

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Зерделеу кезінде 2021-2022 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Ұйымдастырылған оқу қызметтері перспективалық жоспар және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығым ең бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны-«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің сабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат, т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылып, талапқа сай жасақталған.

2022-2023 оқу жылындағы мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу

бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны- «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

-аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

-әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

-балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

-әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

5.Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

Мектеп 1987 жылы салынып, пайдалануға берілді. Жалпы ауданы-3829 ш/м. Мектеп ғимараты 450 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет: 2022 жылы мектеп ғимаратына 8 млн 784 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Оның ішінде В корпусына пластикалық бөлімдерді орнату, спорт алаңын жөндеу, электрмен жабдықтау, В корпусына кафель орнату алдындағы жасалынатын жұмыстар және кафель орнату,

спортзалды ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы мектеп ғимаратына 3млн 689 мың 100 теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Оның ішінде: профлистті ауыстыру бойынша шатырды ағымдағы жөндеу және онымен байланысты жұмыстар, Трипод турникетін орналастыру, "Жүгіру жолы"тақтасын сатып алу және орнату, электр қуатын ағымдағы жөндеу, терезе беткейлерін, төгінділерді орнату және төгінділерге жиынтықтауыштарды ауыстыру бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2024 жылы мектеп ғимаратына, мектеп асханасына және edu.kz домендік атауды ұсыну, ұзарту жөніндегі қызметтер 10 млн 935 мың 850 теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Оның ішінде: шатырды ағымдағы жөндеу, өрт қауіпсіздігі крандарын жөндеу, әжетхана есіктерін жөндеу, оқу кабинеттерінің төбелерін жөндеу және жарық қондыру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орындары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған.

4.Техникалық төлқұжат бойынша үй-жайлар, бөлмелер саны-31.

Физика-1 (69м²); (физика кабинеті 2024 жылы ақпан айында есептен шығаралып, оның орнына әлеуметтік педагог кабинеті қосылды), Химия-1 (53,3м²); Биология – (51,7м²); Қазақ тілі мен әдебиеті-1 (47,9м²); АӘТД -1 (49,8м²); математика-2 (52,7м²); (59,5м²); Бастауыш кабинеті- 1 (51,9м²); Тарих кабинеті -1 (55,9м²);Технология қыз балалар кабинеті -1 (36,2м²); Технология ер балалар кабинеті -1 (93,2м²);информатика -1 (53,7м²);Оқу кабинеті-16 (672,61м²); Зерханалық кабинет -3 (57,42м²); 5.Интерактивті тақта -5, Интерактивті панель тақта-8, Проектор -1, шаңғы комплектте таяқтармен-27 жұп, лақтыруға арналған доптар-30 (футбол, волейбол, баскетбол), гимнастикалық ешкі-1, төсеніш-4, волейбол торы- 1, үстел теннис жиынтығы-1, шахмат -4 жиынтығы, тоғызқұмалақ -10 жиынтық, коньки-15 жұп, волейбол формасы-12, футбол -12 формасы, баскетбол -12 форма, электронды шахмат сағаты-2, секундомер-3, асық-10 жиынтық, фишкалар-20 дана, шағын футбол воротасы-2, дабыл конусы-10 дана, рулетка 50м-1, гимнастикалық көпір -2, швед қабырғасы-1 жиынтық.

Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеті:директор, әлеуметтік педагог -1, медкабинет-1, егу бөлмесі-1, психология-1, Акт зал-74м², спорт зал-317,4м².

Мектепте оқу кабинеттерінің жабдықтау көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал-жабдықтар, физика, биология, химия, информатика кабинеттерімен жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде проектор, экрандармен жабдықталған.Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютерлермен (ноутбуктармен) қамтамасыз етілген.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).

Мектептің оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады. 5 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Шеберханалардың, зертханалардың жабдықтары нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды.

Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ГОСТ 1106-93 сәйкес келеді. Физика зертханасы-30,5 кв/м, химия

зертханасы-8,22 кв/м, биология зертханасы-18,7 кв/м, оқу зертханаларының құралдары көрсетілген. /қосымша-6/. Ғимаратта №ҚР ДСМ -76 бұйрыққа сәйкес санитарлық тораптардың (унитаз, қол жуғыштар болуы). Мектепте 2 су ішуге арналған фонтан бар. 16 унитаз, 4 ер балаларға арналған зәр шығару (писсуар), 17 қол жуғыш бар.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Мектебімізде балаларға медициналық қызмет көрсететін емдеу-сауықтыру кешені бар. Құрылымға дәрігердің күту залы, егу бөлмесі және оқшаулау бөлмесі кіреді. Бөлім дәрігері және оған бір мектеп медбикесі қызмет көрсетеді. Жұмысты жоспарлау және медициналық кабинетті тиісті нормативтік құжаттармен жабдықтау белгіленген тәртіппен айқындалады. Медициналық қызмет «Қарғалы қалалық ауруханасымен» байланыста жүзеге асырылады. Аурухана мамандарға кеңес береді, зертханалық ЭКГ, рентгендік зерттеулер жүргізеді. Мектепте күніне 3 рет тазалық жұмыстары жүргізіледі. Үзілістегі терезелер желдетіледі. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Қарғалы қалалық ауруханасы» ПВХ жанындағы ГКП тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер «Пригород орта мектебі» КММ (2023-2024 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтөбе қаласы, Пригородный т/а, Бейбітшілік көшесі, 4 ғ.	Лицензия №23000552 23.02.2023ж	Медпункт 16,3 кв м Екпе салу бөлмесі 11,9 кв м

edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер: Зерделеу барысында үшінші деңгейдегі домендік атауды «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білімді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы " акционерлік қоғамы 2024 ж 17 маусымынан №41 Домендік атауды тіркеу бойынша қызметтер көрсету шартымен edu.kz аймақтағы деректерге орналастырылған.

Мектеп сайты: prigorod-sh.edu.kz ;

мектеп электронды поштасы: prigorod_om@aktgoroo.kz

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:

1-4 сынып оқушылары үшін ағаш шкафтар, 22 шкаф 5 секциядан 110 оқушыға арналған. Сомасы 1 млн 397 мың теңге (договор №31 15.04.2021ж ТОО «TKS Company») алынған. **Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін №32 және 49 бұйрықтарға сәйкес** Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны-28, мектеп ішінде-17, мектеп сыртында-11. Бейнебақылау жазбасы 30 күн сақталады, ЦОУ-ға барлығы қосылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:

Негізгі кіреберісте арбамен пайдалануға арналған пандус барн Мектеп ғимаратында цифрлық құрылғылар (кіреберістегі қоңырау, тактильді лента, бағыттағыштар) орнатылған. Реверсивті есік тұтқалары есікті ашуға және жабуға ыңғайлы етіп жасалған. Мектептің 1-қабатында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жабдықталған дәретхана бар. Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Мектепте типтік 60 орынға арналған асхана бар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 №490 Қағида 108-1 тармақпен толықтырылды. «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру

ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 3 оқушы, оның ішінде территориялық аймақ бойынша 1 оқушы . Бір балаға облыстық білім басқармасынан бекіткен екі апталық ас мәзір бойынша бір балаға шаққанда оқу жылы басында 507 теңге, ал оқу жылы соңында 603 теңге көлемінде тамақтандырылды.

ҚР БЖҒ министрінің 2022ж қағидаға енгізілген өзгерісі негізінде 108-1. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты 27.10.2021ж №D.04.X.KZ83VWF00051044 ЖК «Галиева Ж.Н.», №785 18.04.2013ж ЖК «Балгазина Р.М.»

Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер «Галиева Ж.Н» 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының мамыр айының 01-дейін көрсетті, ал 2024 жылдың мамыр айының 01 бастап «Балгазина Р.М.» ЖК көрсетеді. Жеке кәсіпкер «Галиева Ж.Н» -ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 12915 №0063514 келісімшарт №60, берілген уақыты 08.03.2021 ж, жеке кәсіпкер «Балгазина Р.М.» -ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 0618 №0012267, келісімшарт №26, берілген уақыты 26.04.2024ж.

**Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер «Пригород орта мектебі» КММ
(2023-2024 оқу жылы жағдай бойынша)**

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен-жайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы(күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Ақтөбе қаласы, Пригородный т/а, Бейбітшілік көшесі, 4 ғ.	Асхана 59,5 кв.м	27.10.2021ж №D.04.X.KZ83VWF00051044 №785 18.04.2013ж	«Галиева Ж.Н» -ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 12915 №0063514 келісімшарт №60, берілген уақыты 08.03.2021 ж, жеке кәсіпкер «Балгазина Р.М.» - ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 0618 №0012267, келісімшарт №26, берілген уақыты 26.04.2024ж.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 65 ш/м. Оқу залы-1, отыратын орындар саны-12. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) .

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-19974. Оның ішінде қазақ тілінде кітап саны-9070, орыс тіліндегі кітап саны-10904. Оның ішінде оқулықтар-10986, көркем әдебиеттер саны-8988, оның ішінде қазақ тіліндегі-2158, орыс тіліндегі-6830, ағылшын тілінде-775, электронды оқулықтар саны-241, жалпы оқырман саны-520.

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Компьютер-1

Интернетке қосылған. Автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйе MARK SQL-мектеп кітапханасы. Каталогизация, қажет кітапты іздеу, кітаптың сипаттама карточкасын шығару. Электронды каталог бар.

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

2023 ж сертификат «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру»

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Мектептегі компьютерлер саны:185 дана. Оқу процесінде қолданылатын-119, педагог қызметкерлер үшін-19, әкімшілік қызметкерлерге қолдануға 13 дана берілді, 34 дана ақаулы. Пәнді оқытуға арналған компьютерлік сыныптар саны-1. «Информатика» кабинетінде компьютер 22+1 қолданылады. Мектептегі интерактивті тақта саны-5 дана. Жаңа интерактивті панельдер саны: 8. Проекторлар саны-1. Оқу үрдісіне және әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстарына қолданылатын принтерлер мен құралдар МФУ саны -11. Мектепте 2 интернет нүктесі қосылған. Интернет жылдамдығы 1-ші нүкте: 100 М бит/с, 2-ші нүктеде: 100 М бит/с. Провайдер ТОО «Байнур и П».

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.

Тәрбие мен оқыту нәтижелерінде бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы.

Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістер:

-балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;
 - балалардың салған суреттерін, қолдан жасалған бұйымдарын талдау және т.б.
- Жетекші әдіс-бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.
- Мониторинг жылына 3 рет:
- бастапқы-қыркүйекте;
 - аралық-қаңтарда;
 - қорытынды-мамырда жүргізіледі.

Тәрбиенушілердің мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізіледі. Бақылау парақтарында балалардың оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген.

Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады, деңгейлерін игерген. Жиындық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2023-2024 оқу жылында 2 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы және қорытынды кезеңдегі тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму динамикасын кестеден байқауға болады.

Дағдылар	Бастапқы бақылау (жоғары деңгей)	Қорытынды бақылау (жоғары деңгей)
Физикалық қасиеттерді дамыту	22%	73,1%
Коммуникативтік қасиеттерді дамыту	19%	62,1%
Танымдық және зияткерлік қасиеттерді дамыту	16%	60,1%
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	21%	67,5%
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру	20%	64,6%

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы

Ұсынылған білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау.

Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 24 сәуірде білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып, төмендегі нәтижелерді көрсетті.

2023-2024 оқу жылында мамыр айының күні мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 22 тәрбиеленушінің ата-аналары 69% қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсіріп, өз ықыластарымен толтырды.

Мектеп жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші -90,1 % құрады

Тізім бойынша мектепалды сыныптың 2 педагогы 100% қатысып, 100% сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетті.

МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

Сұрақтары	Жауап нұсқалары			
	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
Менің балаңыз балабақшаға қуана барады	8	6	3	5
Топта баланың оқу мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	9	9	1	3
Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	8	11	2	0
Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарына (музыкалық жетекші, қазақ/орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	6	14	1	1
Мұғалімдер нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	4	13	1	3
Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	5	16	0	1
Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	4	16	2	0
Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	3	17	1	1
Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	2	15	0	4
Топ ата-аналары мен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	3	15	3	1

Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	1	18	2	0
Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?	1	19	1	1
Егер сіз мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз	2	19	1	1
Барлығы:	56	188	18	21
90,1%				

МАД сыныбының педагогтарымен жүргізілетін сауалнама қорытындысы

Сұрақтары	Жауап нұсқалары			
	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	1	1	0	0
Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	0	2	0	0
Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	2	0	0	0
Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	2	0	0	0
Мектеп оқушылар арасындағы жандалды тоқтатады және тиімді шешеді	1	1	0	0
Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	0	2	0	0
Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	2	0	0	0
Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	2	0	0	0
Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	1	1	0	0
Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	0	2	0	0

Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	0	2	0	0
Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	0	2	0	0
Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	1	1	0	0
Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	1	1	0	0
Мен сынып жетекші ретінде жұмысыма қанағаттанамын ба?	0	2	0	0
Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе, мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе, мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе осында көрсетіңіз Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз	0	2	0	0
Барлығы:	13	19	0	0
100%				

9.Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары

- 1.Мектепалды сыныптарда педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.
- 2.Дамыту заттық-кеңістіктік ортаны жетілдіру.
- 3.Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік байқауларға қатыстыруды арттыру.
- 4.Мектепалды сыныптарда тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру.

10. Қорытынды мен ұсыныстар:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» талаптарына сәйкес.

асы: _____
 (қолы) _____
 лері: _____
 (қолы) _____

 (қолы) _____

 (қолы) _____

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(ҚОЛЫ)

қолы

(қолы)

(қолы)

(КОТЫ)

(қолы

(қолы

(қолы

(қолы)

(қолы)

(қолы

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)

(толық аты-жөні)